

Жалпы орта, кәсіптік және қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтер мен білім алушылардың арасында «Менің мектептегі мұражайым» атты республикалық сырттай байқауды өткізу ережелері

I. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта, кәсіптік және қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтер мен білім алушылардың арасында «Менің мектептегі мұражайым» тақырыбында сырттай байқау (бұдан әрі - Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім беруді ұйымдастыруда мектеп мұражайларының маңыздылығын көтеру, өскелең ұрпаққа мұражайдың педагогикалық әсер етудің түрлерін, әдістерін және мазмұнын жетілдіруге ықпал жасау.

Міндеттері:

білім ұйымдарында мұражай қызметін насихаттау;
педагогтің позитивті бейнесін және балалар шығармашылығын дәріптеу;
педагогтер мен білім алушыларды мектеп мұражайының жан-жақты қызметіне қатыстыру арқылы мұражай педагогикасын дамыту;
тарихи ескерткіштерге, мәдениетке және табиғатқа ұқыпты қарау дағдысын қалыптастыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» ұйымдастырады.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті және әділ-қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

II. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2014 жылғы 15 желтоқсан - 2015 жылғы 30 қаңтар** аралығында балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 30 қаңтарға дейін **spo. rumcdo@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама: телефондары 87078085929.

8. 2015 жылғы 30 қаңтардан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін материалдар қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және оларға рецензиялар, қазылар алқасының қорытындылары берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

11. Байқау ұйымдастырушылары автордың атын көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. Байқауға қатысу үшін педагогтерге **3000 (үш мың)** теңге, білім алушыларға **1000 (бір мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Казпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚМ.

Төлемақының мақсаты: «Менің мектептегі мұражайым» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртік немесе төлем тапсырмасы сканерден өткізіп, spo.rumcdo@mail.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

13. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау **2015 жылғы 12 ақпанда** жүргізіледі.

III. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар.

14. Байқауға педагогтер және 12-17 жастағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

орта жастағы санат: 12-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

15. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Электрондық презентация»;

«Бейнеролик (бейнеклип)».

16. Байқауға қатысушылар мұражай экспозициялары бойынша экскурсия фрагменттерін бір немесе екі номинация бойынша ұсынады, байқаудың мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін әр номинациядан бір жұмыс болуы керек (әр бір номинацияға төлем жүргізу қажет).

17. Байқау жұмыстары мына талаптарға сәйкес қабылданады:

«Электрондық презентация» номинациясы бойынша байқау жұмысы Microsoft Office PowerPoint (кез келген нұсқасы) форматында орындалуы қажет, фотосуреттерден, суреттерден, кестелерден, кадрлардың арасындағы тиімді ауысулары бар ұраны мен үндеулері бар ақпарат пен деректерді қосатын схемалардан құралған презентация 20 слайдтан артық болмауы керек. Слайд-презентацияны дикторлық мәтінмен немесе музыкамен бірге жасауға болады.

Презентацияның бірінші слайдында жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, фамилиясы, жасы, білім беру ұйымының аталуы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл көрсетілуі қажет;

«Бейнеролик (бейнеклип)» номинациясы бойынша жұмыс бейнетаспаға немесе телефонға түсірілген, кез келген бейнередакторда өңделген анимациялық, қойылымдық ойын бейнефильм түрінде және т.б. орындалған болуы мүмкін.

Қабылданатын форматтар: MPEG1, MPEG2, WMV, AVI. Байқау жұмысының ұзақтығы - 3 минутке дейін. Бейнесюжеттің басында жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, фамилиясы, жасы, білім беру ұйымының аталуы, e-mail, облыс, аудан (қала), ауыл көрсетілуі қажет.

18. Қатысушыларға жалпы талаптар:

балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтындағы «**Балалаif**» және «**Ерлік**» клубына тіркелуі қажет;

басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

19. Байқауды бағалау критерийлері (0 -5 ұпай):

ақпарат берудегі деректілік;

логикалық бірізділік;

сөйлеу мәдениеті, әртістілігі;

ақпарат берудің ерекше тәсілдері;

композициялық және түстік шешімі;

цифрлық өңдеу сапасы.

IV. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Байқау жеңімпаздары тиісті дәрежелі дипломдармен (1, 2, 3 орындар) марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі